«Бекітемін»
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
_____ Аубакирова А.М.
«__» ____ 2024 ж.

**Колледждің 95-жылдық мерейтойына орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы**
***«Үздік TikTok, бейнеролик»* байқауының**
**ЕРЕЖЕСІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Осы бейнеролик байқауы (бұдан әрі - Байқау) туралы ереже «Көлік колледжі» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Үздік TikTok, бейнеролик» байқауының өткізу тәртібі мен шарттарын регламенттейді.

1.2 Байқау колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру, жастарды қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру жөніндегі жұмысқа тарту мақсатында өткізіледі.

**2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ**

2.1 Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру;

2.2 Студенттерді сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне теріс көзқарасты тәрбиелеу;

2.3 Колледж студенттерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту;

2.4 Студент жастардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

**3. БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

3.1 Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;

3.2 Парасаттылық, әділдік және адалдық қағидаттарын насихаттау;

3.3 Студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды күшейту.

**4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР**

4.1 Байқауға колледжіміздің 1-3курс студеттері қатысады.

**5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ**

5.1 Конкурстық жұмыстарды қабылдау – 2024ж. 15 ақпанынан 27 ақпанына дейін.

5.2 Қорытындылау-2024ж. 29 ақпанында.

**6. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

- байқау тақырыбына сәйкес кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген бейнероликтер ұсынылады;
- қатысушылар бейнеролик жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, бейнеклип және т.б.);
- бейнероликтің максималды ұзақтығы-3 минуттан аспайды;
- бейнероликтің форматы mp4, минималды стандарт талабы: 720*480;

- сахналық тұлғалар мен кейіпкерлердің сюжеті, әрекеті Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс, ұсынылған жұмыстарда жалған, дұрыс емес мәліметтерді пайдалануға рұқсат етілмейді.

## 7. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1 Материалды ұсынудың өзіндік ерекшелігі, тақырыпты ашудың эстетикасы, толыққандылығы мен тереңдігі, ұсынылған идеяның өзіндік ерекшелігі, ауызша сөйлеу мәдениеті, ойлаудың бірегейлігі, бейнероликтің сапасы мен дыбысы.

## 8. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

8.1 Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады.

8.2 Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар туралы ақпарат колледждің әлеуметтік парақшаларында орналастырылады.